

ТАРИХ

ИСТОРИЯ

HISTORY

ӘОЖ 94(4/9)

Р.Г. Арин

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: patriot01.kz@mail.ru

Жапонияның сыртқы саясатындағы үш негізгі пікірталас

Мақалада Жапонияның сыртқы саясаты үшін маңызы зор бейбітшіл-милитаристік, аралдық-теңіздік және батыстық-шығыстық атты пікірталастар қарастырылады. Ол таластардың шығу тегі мен олардың тарихи маңызы, теориялық негіздемесі, іс жүзіндегі көрінісі, өзара байланыстары, тарихи кезеңдері мен қазіргі жағдайы талқыланады.

Түйін сөздер: Жапония, сыртқы саясат, саяси пікірталастар, «қалыпты мемлекет», қауіпсіздік.

R.G. Arin

Three main disputes in Japan's Foreign Policy

The given article discusses the three main disputes such as pacifist-militarist, insular-maritime and west-orient, which has strong effect on Japanese Foreign Policy agenda. Also the article considers the general descriptions of their emergence, historical significances, theoretical substantiation, reflections in practice, mutual links, historical periods and their present condition.

Key words: Japan, foreign policy, political disputes, «normal country», security.

Р.Г. Арин

Три основных спора во внешней политике Японии

В статье рассматриваются три ключевых спора Японии, исход которых имеет большое влияние на внешнюю политику Японии. Также в статье обсуждаются природа возникновения споров, их историческая значимость, теоретическое обоснование, практические примеры, взаимные связи, исторические периоды и настоящее положение дел.

Ключевые слова: Япония, внешняя политика, политические споры, «нормальное государство», безопасность.

Халықаралық қатынастар тұрғысынан Жапонияны қалыпты мемлекет ретінде қарастыру өте қиын іс. Әрине, «қалыпты мемлекет» (normal country) деген сөз тіркесінің бекітілген анықтамасының болмауынан ол ұғым тек салыстырмалы түрде ғана шындыққа жанаса алады. Жапонияның «қалыпты мемлекет» не «қалыпты

емес мемлекет» деген пікірталас соңғы жиырма жыл ішінде саясаткерлер мен ғалымдар арасында қызуда. 1990-1991 жылдардағы Парсы шығанақта болған соғыстың нәтижесінде Жапония ащы тәжірибеден өткен соң И. Одзава «Blueprint for a New Japan: The Rethinking of a Nation» атты кітабын жарыққа шығарып, Жапонияның

«қалыптығы» жайлы қызу даудың бастамасын көтереді. Осы соғысқа қатысқан халықаралық коалициялық әскердің қаражаттық шығынының көп бөлігін Жапония өз басына алғанымен де, әскери күш қолданысын шектеуші, Ата заңның пацифистік қағидаларына сай Жапония әскери ұрыстарға «қалыпты мемлекет» қатарларында ат салыса алмады. Жапония өзінің соғысқа қатыспағаны үшін 13 млрд. АҚШ доллар қаражат көлемінде салым жасады. Осындай «бейбітшіл әрекетсіздік» пен «чек кітапшасы» дипломатиясы үшін Жапония қатты сынға алынды [1, 121-б]. Осыған байланысты Сэм Джеймсон мынадай қызықты мәлімет береді: «1991 жылдың қаңтар айында АҚШ-тың әскерилері Кувейтке аттанып, ол жерді ирактықтардан азат етумен қарбалас болған кезде, Жапонияның әскерилері Саппородағы қысқы фестиваліне арнайы қар мүсіндерін жасаумен айналысумен қарбалас болды» [2, 59–62-б]. 1996 жылы Американың Newsweek журналында Жапонияның позициясы келесі сөздермен қатты сыналды: «Әлемнің бай мемлекеттер ішіндегі Жапония Парсы шығанағынан тасымалданатын мұнайға ең тәуелді бола тұрып, ол аймақтағы энергетикалық қауіпсіздікті американдық жас жауынгерлердің қазасымен бірге сатып алатын» [3]. Американың өзге танымал Wall Street Journal атты журналында Жапония өзінің халықаралық жауапкершілігінен қашу амалы ретінде «жалған конституциялық сылтауларды» пайдалануда деп айып тағылды [4, 804–17-б.].

Бұл пікірталас Жапонияны пацифистік және милитаристік таңдау арасында қалықтау мәселесіне қайта әкелуде. Осындай мәселелердің туындауы Жапонияның саяси жүйесі үшін бірыңғай жағдай емес. Жапонияның модернизациялық және постмодернизациялық даму жолдарына түсу кездерінен бастап осындай бірқатар қарама-қайшы мәселелер туындай бастады. Жалпы Жапонияның саяси болмысын жақсы ұғыну үшін жағрафиялық орналасу, өркениеттік тәнділік, тарихи үрдістер мен ірі оқиғаларды ескергені дұрыс. Сол себептен ол мәселелер ішінен негізгі үшеуін ерекше бөлгім келеді. Олар жағрафиялық, өркениеттік және саяси салаларындағы ерекшеліктеріне сай бөлінген. Бірақ олардың арасында өзара байланыстығы да бар. Олар:

- Бірінші пікірталас, ол Жапонияның аралдық немесе теңіздік мемлекет болуына қатысты туындауында.

- Екінші пікірталас, Жапонияның Шығыстық әлде Батыстық өркениетке тиесілігіне қатысты туындауында.

- Үшінші пікірталас, жоғарыда көрсетілген қауіпсіздік мәселесіне тиесілі Жапония өзін пацифистік әлде милитаристік (ең болмағанда «қалыпты мемлекет») ұстаным жолымен жүруіне байланысты.

Жапонияның сыртқы саясатында осы мәселелер бойындағы пікірталастар анықтаушы және бағыттаушы рөлдерін атқарады. Оны түсіну үшін әр пікірталастың негізіндегі мәселелердің мән-жайын ашып, ықтимал нәтижелері мен салдарын да қарастыру қажет.

Жапонияның аралдық мемлекет екендігі әркімге де мәлім нәрсе. Кейде құрлықта орналаспаған ел болғандықтан теңіздік мемлекет те деп атай береді. Дегенмен «аралдық мемлекет» және «теңіздік мемлекет» деген ұғымдардың өркениеттік және геостратегиялық тұрғыда қарастырғанда олардың мәнісі бір-бірінен күрт өзгешелене түседі. Аралдық мемлекет пен теңіздік мемлекеттерді салыстыра келсек, аралдық мемлекет теңіздік мемлекеттен гөрі едәуір оқшауланған болса, теңіздік мемлекет, керісінше, теңізге шығуы бар елдермен тығыз сауда-саттық қатынастарды орнатуға тырысады. Яғни сыртқы бағыттағы сауда-экономикалық, саяси-әскери, мәдени байланыстарды теңіздік мемлекеттер өте белсенді орнатады. Осыған орай американдық геосаясат пен геостратегия теоретиктері Альфред Тайер Мэхэн мен николаас Джон Спикменнің теңіздік ұлттардың мүдделерін қорғау мақсатта Еуразия құрлықта ешбір мемлекеттің жалғыз басты үстемдігін болдырмау қажеттілігі туралы ерекше көңіл аударды [5, 9]. Себебі кез келген теңіздік мемлекет бірінші кезекте экономикалық байланыстардан және көліктік дәліздердің жағдайынан қатты тәуелді болады. Жапонияның негізгі потенциалы оның экономикасында болғандықтан, өз өнімдерінің экспорты мен өндіріс үшін қажетті шикізат импортынан қатты тәуелді. Осындай «ашық нарық» пен елдердің өзара экономикалық байланыстарға (және басқа да экономикалық емес) тәуелділікті халықаралық қатынастардың либерализмнің негізгі қағидалары да растай алады. Ал қазіргі «жаһандану» мен интеграциялық үрдістерінің үдейе түсуін есепке алсақ, осы пікірталаста Жапонияның «аралдық мемлекеттен» гөрі «теңіздік мемлекет» болу бағыты жеңіс табуда. Оны біз соңғы жылдардағы ұлттық стратегиясының

сыртқы бағыттағы белсенденуі мен күшеюінен байқай аламыз. Және келесі төмендегі мәселеге қатысты Жапонияның «теңіздік мемлекеттік» ойлауы мен мінез-құлқының әсері ерекше.

Жапонияның Шығыстық әлде Батыстық өркениетке тиесілі мемлекет пе деген сауалға төрт түрлі жауап бар. Біріншісі, өзінің тарихи-мәдени және діни құрамына қатысты Жапония Шығыстық өркениетке жақын. Екіншісі, қазіргі Жапонияның экономикалық-саяси саладағы модернизациялық жетістіктерді және Жапонияның Батыс елдері секілді постмодернистік сатыда тұрғандығын есепке алатын болсақ, Жапония Батыстық өркениетке жақын деп пайымдайды. Үшіншісі, Жапонияның Шығыстық немесе Батыстық өркениет өкілі деген сауалға жауап ретінде, ол елдің қос өркениетке жақындығы әр өркениеттің жетістіктерін құрамдас етіп қамтыған Жапония өркениеттердің қосынды, симбиоздық нұсқасы деп түсіндіруге тырысады. Соңғы тарап, Жапония не Шығыстық, не Батыстық өркениет өкілі еместігі және олардан өзгеше тұрған «жапондық» сипат, синтоизмнің ықпалынан туындайтын «эксклюзивтік идеясы» мен аралдық шығу ерекшелігімен тығыз байланысты.

Жапонияның Батыстық, Шығыстық немесе өзгешіл болу мәселесі «жаһандану» үрдісі кезіндегі елдегі өзін-өзі тану немесе ұлттық идентификациялау мәселесіне тікелей әсер етеді. Бұл мәселе Жапонияның сыртқы саясатына тікелей, не жанама түрде болсын әсер етеді. Жапонияның ежелгі және орта ғасырдағы тарихын және діни-мәдени құрамын алатын болсақ, Жапония сөзсіз, Шығыс өркениетінің өкілі. Ал егер Жапонияның жаңа замандағы дамуын және қазіргі қоғамның тұрмыс-тіршілігіне қарайтын болсақ, ол Батыстық өркениетке жақын келеді. Азия мен Африка елдерінің отар болған кезінде тек Жапонияның өзге Батыс елдермен империалистік және капиталистік жолындағы қатарлас мемлекет болуы да кездейсоқтық емес. Қайтсе де, Жапонияның өзгешелігі жайлы пікір ел ішінде басым болуда. Бұған қайта нағыз жапондық діни-наным «синтоизм» мен құрлықтық емес, аралдық типтегі ойлау ерекшелігінен Жапония Еуропа мен Азия үшін де салыстырмалы алшақ әрі оқшау ел болып қалуда. Осындай ұстанымның бір ұтымды жері – елдің кейбір жағдайдағы бейтараптылығын сақтай алуы. Дегенмен ғаламдық беделі бар елге айналу жолында Жапония өзінің бағытын анықтау қажет. Бірақ ғаламдық

беделінен бұрын Жапония аймақтағы рөліне ерекше көңіл бөлу керек. Яғни аймақтағы беделін күшейтуден кейін ғана Жапония ғаламдық беделін күшейте алады. Сонымен қоса, қазіргі Шығыс Азия болашақ әлем экономикасының негізгі орталықтарының біріне айналып, екі өркениеттер арасындағы даму жетістіктер деңгейі теңесуде. Әрине, «жаһандану» салдарынан бұл өркениеттер сауалы «өркениеттер текетіресі» сияқты идеологиялық мағынадан айырылған. Ол сауалға прагматизм тұрғысынан қарағанда, бұл сауалдың көбіне Жапонияның стратегиялық бағытын анықтау үшін маңыздырақ болып келеді. Мәселен, Жапонияның АҚШ-пен қауіпсіздік келісімі аймақтағы кейбір мәселелерге белгілі бір жақтан ғана қарауға мәжбүр етеді. Жоғарыда келтірген Альфред Тайер Мэхэн мен Николас Джон Спикменнің теорияларына сай өз уақытында құрлықтағы Ресей сияқты мықтылардың гегемониясын болдырмау мақсатта Жапония АҚШ пен Ұлыбритания сияқты теңіз мықтыларымен біріккен. Ол ұстаным Жапонияның Касумагасеки ортодоксал дипломатиясында орын табады. Қазіргі таңдағы С. Абэнің үкіметі Қытайдың шектен тыс күшеюін болдырмау үшін бұл айла тәсілді қайта қолдануда. Ендігі кезекте Жапония демократиялық құндылықтары жоғары және әскери-теңіз флоты мықты Үндістан, Австралиямен одақтасуды жоспарлауда. Қысқасы, Шығыстағы қауіпсіздік мәселесін Жапония Батыстық әріптестері мен құралдары арқылы орнатуда. Шығыстық не Батыстық бағыттағы стратегиясын анықтау мәселесі Жапонияның қауіпсіздік мәселесімен іргелес мәселелер болғандықтан, ақырында пацифистік-милитаристік таңдаудағы сауалға келіп тірелуде.

Алдыңғы екі пікірталастардан гөрі бұл мәселе Жапония үшін көкейтесті әрі күрделі мәселе болып табылады. Себебі бұл мәселе қарама-қайшылыққа толы. Және де жоғары көрсетілген екі пікірталастардың шешімі де осы мәселеге тірелуді де бостан-бос емес. Жапонияның ұлы стратегиялық мақсаттар ішінде БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелігіне жету мақсаты бар. Бірақ ол үшін Жапония өзінің қауіпсіздік саласындағы ықпалдығын күшейту қажет. Экономикалық тұрғыдағы қуатты Жапония әлемнің қаржы-экономикалық мәселелерге ықпал ете алғанымен, қауіпсіздік саладағы АҚШ-қа тәуелді болғандықтан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде қабылдану үміті әзірше

ақталар емес. Демек, қауіпсіздік мәселесіндегі Жапонияның дербестігі халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын өзгерте алатыны анық. Сәйкесінше, Жапонияның әскери саласындағы қазіргі дәрежесінен тыс күшеюі Қиыр Шығыс Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы әскери күштер теңгерімін күрт өзгертеді. Сондықтан да, осындай күштер теңгеріміне бейімделген көршілес мемлекеттері үшін Жапонияның әскери күшеюі тиімсіз болып табылады. Бұған қоса, Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі асыра қолданған басқыншылық саясатының зардаптарын көрген мемлекеттер осындай әскери күшею талпынысын қайта милитаристік Жапонияның оралу белгісі ретінде көреді. Сол тұрғыда Жапонияның «қалыпты мемлекетке» (normal country) айналуына қажетті қуатты әскер иелену жоспарларына сыртқы күштер қарсылық білдіруде. «Қалыпты мемлекет» болу сұранысына қарамастан Жапония ішінде де антимилитаристік қозғалыстың позициясы мықты. Яғни, Жапонияның ішінде де, сыртында да Жапонияның әскери күшеюіне қатысты қарсылық бұл жерде шешуші рөл ойнайды. Ол тек қазіргі Жапония үшін ғана емес, сонау XX ғ. басындағы милитаристік Жапония үшін де қызу пікірталас болған. «1928 жылы Маньчжуриядағы төтенше қақтығысқа» дейін Жапонияның ішінде, әсіресе, үкімет деңгейінде сыртқы саясаттың екі түрлі бағыт қолдаушылар арасында қызу таласы жүріп жатты. Сол кездегі СІМ басшысы Сидэхара Кидзуро «негативтік» саясат өкілдерін бастаса, оның қарсыласы келесі премьер-министр Танака Гиити «позитивтік» саясат өкілдерін көш бастады. Сол кездегі саяси терминдердің ұғымы бойынша, «негативтік» саясат негізінде бейбіт жолмен Қытай экономикасына дендеп ену тактикасы жатты. «Қытайға қатысты саясаттың төрт қағидаты»:

- 1) Қытайдағы азаматтық соғысқа араласпау.
- 2) Экономикалық келісімдер негізінде бейбіт өмір сүріп бірігіп өркендеу.
- 3) Қытайдағы қиын жағдайға қатысты шыдамды болып тілектестік білдіру.
- 4) Өзінің ұлттық мүдделерін орынды әрекеттермен қорғау.

Танака Гиити бастаған «позитивтік» саясат жақтаушылар тобы, керісінше, әскери күшке сүйеніп Қытайға қатысты отарлау, басқыншылық саясатының жаңғырту идеясын қолдады. Танака Гиитидің үкіметке келуімен қатар, Жапония

ішіндегі саяси таласта «позитивтік» саясат тобы жеңіске келеді. Ол саяси таластың нәтижесінде күллі Азия құрлығы асыра қолданған жапон әскери күшінің қатігездігін көрді [6, 314-б.].

Қалай болса да, Жапония қоғамының ішінде барлық тап өкілдері ол саясатты қолдамағаны анық болды. Және де біз Жапонияның сыртқы саясатындағы қолданған экономикалық және әскери күш құралдарының арасында зор айырмашылықтың бар екенін көріп отырмыз. Қазіргі таңдағы Жапонияның сыртқы саясатында экономикалық құралдың басым қолданылуы негізінен әскери күш қолданысына шектеу қойғанымен байланысты емес екендігін жоққа шығара алмаймыз. Жапонияның қауіпсіздік саладағы өзгеріс енгізу үшін үш шарттың біреуі әлде бірнешеуі орындалуы қажет:

- Біріншіден, АҚШ пен Жапония арасындағы қауіпсіздік келісімі өз күшін жоғалтса немесе шарттары өзгертілсе.
- Екіншіден, Жапонияның негізгі күші болып табылатын экономикалық қуаты сарқылса.
- Үшіншіден, аймақтағы қауіпсіздік мәселесі қатты нашарласа, Жапония орынды жауап ретінде әскери күштеріне қатысты саясатын қайта қарастыру ықтимал.

Реализмнің дәстүрлі «күштер теңгерімі» атты теориясы бойынша: «белгілі бір елдің әскери саладағы жетістіктердің соншалықты жоғары болғандықтан, өзге елдер сол мемлекеттің иемденген осындай әскери басымдылықта жоққа шығару мақсатта өзінің әскери саладағы жетістіктерін едәуір күшейтуге тырысады. Бұл өз кезегінде елдер арасында «қарулану жарысын» тудырады. Ал «қарулану жарыстың» өршу нәтижесі ретінде елдер арасындағы ірі соғыс пайда болуы ықтимал» [7, 41–44-б.]. Бұл теорияның іс жүзіндегі жақсы мысалдардың бірі Қырғи қабақ соғысы кезіндегі КСРО мен АҚШ арасындағы қарулану жарысы мен XX ғ. 90-жылдардағы Үндістан мен Пәкістан арасындағы ядролық қару иемдену үшін жарысы және т.б. Яғни Жапониямен қатынастары нашар Оңтүстік Корей, КХДР мен ҚХР (керек десеніз Ресей Федерациясы) сияқты елдер арасында осындай «қарулану жарысының» үдеуі аймақтағы тәртіпсіздік пен тұрақсыздыққа әкелу мүмкіндігі өте жоғары. Ал бұл, ең бірінші кезекте, Жапонияның мүддесінде емес болғандықтан, Жапонияның қауіпсіздік саладағы шаралар дәстүрлі емес

тәртіпшен орындалуда. Бұл мәселеге қатысты П. Мидфордтың «The Logic of Reassurance and Japan's Grand Strategy» мақаласында жақсы түсіндірме беріледі. Мақала авторының пайымдауынша Жапонияның қауіпсіздік мәселесіндегі саясатын реализмның дәстүрлі емес теориясы – «қауіп теңгерімі» арқылы ғана түсіндіруге болады. «Қауіп теңгерімі» дегеніміз қоршаулас елдер арасында қайта жанданған әскери қауіп ретінде Жапония үрей тудырмас үшін «сенімді қайта қалпына келтіру» дипломатиясы (Reassurance diplomacy) мен өзінің әскери саладағы жетістіктеріне шектеу қоюшылық ұстаным негізінде қатынастар жүргізуде. Яғни, Жапонияның халықаралық қатынастар жүйесінде дәстүрлі тұрғыда қарастыру қиын [8, 21–35-б.].

Жоғарыда қарастырылған үш теориялық пікірталастардың пайда болу мен қайта өршуіне әсер етуші факторлар ретінде Жапонияның сыртқы әлеммен етене араласу кездерінде орын алған үрдістер жатады. Осындай кездерді Жапон және Ресей әдебиеттерінде «Жапонияның интернационалдандыру кезендері» деп атайды. «Бірінші интернационалдандыру» кезеңі Мейджи қайта құрулардан кейін орын алады. Осы кездегі сырттан отарлау қауіпінен туындаған кері-отарлау идеологиясы негізінде Жапония өзі отарлаушы елге айналып, 1894-1895 жж. қытай-жапон соғысы мен 1904-1905 жж. орыс-жапон соғыстарында жеңіске жетеді. Бұл кезде Жапония Батыстық өркениетті үлгіге алып, милитаристік бағытта өндірісін қалыптастырып, өзін «теңіздік мықтылар» қатарына қосады. Келесі «екінші интернационалдандыру» кезеңі Жапо-

нияның II Дүниежүзілік соғыстағы жеңілісінен кейін пайда болады. Жапония милитаризмнен пацифизмге бет бұрып, «Есида доктринасы» негізінде әлемдік саясаттан бейтараптанып, оқшауланады. Және оның барлығы АҚШ-тың қатысуынсыз орын алмағандықтан, Жапония АҚШ бейнесіндегі Батыстық өркениеттің демократия сияқты құндылықтарын қабылдайды. Бұл өзгерістер Жапонияның экономикалық өркендеуіне оңды әсер етеді. «Үшінші интернационалдандыру» кезеңі Қырғи қабақ соғысының аяқталуымен қатар басталып қазірге дейін қалыптасуда. Жапония «жаһандану» мәселелеріне жауап қайтару мен оларға оңай бейім болу үшін жапон саяси мәдениеті мен көпшілік санасында «космополитизм» идеясын дамытуда. Ол үшін ұлттық стратегиялар мен білім беру саласында өзгертулер жасалуда. Яғни қазіргі таңда, Жапония «космополиттік» мемлекет болу мақсатта қайта «теңіздік мемлекет» идеясына оралып, Батыс пен Шығыс арасында ыңғайлы орын табу үстінде әскери күштер мәселесінде өте мұқият болуы қажет [9, 8–9-б.].

Қорыта айтқанда, Жапонияның қазіргі замандағы халықаралық қатынастар мен қауіпсіздік саласында мынадай қызықты траекториясы бойынша қозғалуда: «пацифизм мен милитаризм және Шығыс пен Батыс арасында теңгерімді сақтап тұра «аралдық мемлекеттен» «теңіздік мемлекет» дәрежесіне қарай қозғалуда». Қалай десек те, Жапония халықаралық қатынастар тұрғысынан қарастырғанда өте қызықты объект болып табылады. Керек де-сеңіз, халықаралық қатынастар ғылымы үшін «феноменді мемлекет» деп те айтсақ болады.

Әдебиеттер

- 1 Tang Siew Man. Japan's Grand Strategic Shift from Yoshida to Koizumi: Reflections on Japan's Strategic Focus in the 21st Century. *Journal of Southeast Asia Social Sciences and Humanities*, Akademia 70 (Januari) 2007: 117-136.
- 2 East Asian Views of the Japan-U.S. Defense Guidelines. *Japan Echo*, 25.1998.
- 3 Hook G.D. *Militarization and Demilitarization in Contemporary Japan*. – London: Routledge, 1996.
- 4 Woolley P.J. Japan's 1991 minesweeping Decision. *Asian Survey*, 36. 1996.
- 5 Michael Green. *Japan is back: Unbundling Abe's Grand Strategy*. Australia: LOWY Institute for International Policy, 2013.
- 6 История Японии. 2-том. // под ред. А.Е. Жуков. – М.: Институт востоковедения РАН, 1998.
- 7 Evans G. and J. Newnham. *The Penguin Dictionary of International Relations*. – UK: Penguin Books, 1998.
- 8 Midford P. The Logic of Reassurance and Japan's Grand Strategy. *Security Studies*, 2002, 11:3, 1-43.
- 9 Политическая система современной Японии. / под ред. Д.В. Стрельцов. – М.: Аспект Пресс, 2013.

References

- 1 Tang Siew Man. Japan's Grand Strategic Shift from Yoshida to Koizumi: Reflections on Japan's Strategic Focus in the 21st Century. *Journal of Southeast Asia Social Sciences and Humanities*, Akademia 70 (Januari) 2007: 117-136.

- 2 East Asian Views of the Japan-U.S. Defense Guidelines. Japan Echo, 25.1998.
- 3 Hook G.D. Militarization and Demilitarization in Contemporary Japan. London: Routledge, 1996.
- 4 Woolley P.J. Japan's 1991 minesweeping Decision. Asian Survey, 36. 1996.
- 5 Michael Green. Japan is back: Unbundling Abe's Grand Strategy. Australia: LOWY Institute for International Policy, 2013.
- 6 Istorii Yaponii. 2 tom. / pod. red. A.E. Zhukov. – M.: Institut vostokovedenia RAN, 1998.
- 7 Evans G. and J. Newnham. The Penguin Dictionary of International Relations. UK: Penguin Books, 1998.
- 8 Midford P. The Logic of Reassurance and Japan's Grand Strategy. Security Studies, 2002, 11:3, 1-43.
- 9 Politicheskaya sistema sovremennoi Yaponii// pod red.D7V7 Strelsov. -M.: Aspekt press, 2013